

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 ақпандағы N 166 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 қыркүйек N 1195

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылық пен оның аумақтық органдарының жұмысын қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

"1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шығыстарды қаржыландыру Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 ақпандағы N 166 P960166_ қаулысымен бекітілген 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шығыстарды қаржыландыру Ережесіне мынадай өзгертулер енгізілсін:

екінші абзацтағы "айына екі рет (2 және 17 күндері)" деген

сөздер "айына бір рет (айдың 2-күнінен кейін)" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзац мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Кредиттер ашуды қазынашылық шешімдермен белгіленген лимиттер шегінде және республикалық бюджеттің кіріс бөлігіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген болжамдық (күтілетін) қаражат түсімінің негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі